

**Астана қаласының жаңадан іске қосылатын объектілерінде
ЖДБ жүйесін тексеру және қабылдау
РЕГЛАМЕНТІ**

1. Жұмыстарды жүргізу тәртібі.

«Астана-Теплотранзит» АҚ ЖДБ инженерінің жаңадан салынған объектілерге шығуы келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- Жаңадан салынған объектілерді іске қосу кезінде
- Сәйкестік туралы декларацияға қол қою кезінде
- Жылу желілерін пайдалануға (балансқа) беру кезінде

Тапсырыс берушіден өтінім алғаннан кейін ӨБҚЖАҚ жұмыскерлері ЖЖПҚ және тапсырыс берушінің өкілдерімен бірлесіп, объектіге комиссиялық тексеріс жүргізеді. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулері бар хат беріледі. Олар болмаған кезде ЖДБ техникалық тексеру актісі - сәйкестік туралы декларацияға, балансқа беру кезінде пайдалануға ЖДБ-ны қабылдау актісіне қол қою керек. Тексеріс жүргізгенге дейін тапсырыс беруші Жылу энергиясын (жылу желілерін) тасымалдау және бөлу жүйелерін техникалық пайдалану жөніндегі үлгі нұсқаманың 6.2.14-тармағына сәйкес (Тапсырыс берушінің меншігіндегі (тұтынушының) жаңа жылу желілері мен жылу тұтыну жүйелерін пайдалануды іске қоспас бұрын, қабылдап өткізу сынақтары жүргізілуі тиіс және олар монтаждау ұйымынан акт бойынша тапсырыс берушімен (тұтынушымен) қабылдану қажет) қабылдауға дайындығын өз бетінше тексеруі тиіс. ҚР ҚН 1.03-00-2011 6.8.5.5-тармағына сәйкес аралық тексеру актілерін беріп, ЖДБ жүйесіне тексеру жүргізу үшін алдын ала шығу (Жасырын жұмыстарды куәландыруда және жауапты құрылымдарды аралық қабылдауда жұмыс орындаушысы және құрылыс салушының (тапсырыс берушінің) техникалық қадағалау өкілі катысады. Бұл рәсімдерге жобалаушының авторлық қадағалауының, өз қалауы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының жауапты өкілдері, сондай-ақ құрылыстың мүдделі тұлғасының шақыруы бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсетуге тиісті рұқсаты бар сарапшылар нарығында жұмыс істейтін мамандар қосымша катыса алады). 2019 жылғы 1 қаңтардан-бастап жүргізілмейді.

2. Келісілген жұмыс жобасынан ЖДБ тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттаманың тізбесі:

- ЖДБ жүйесінің сызбанұсқасы (1 көшірме);

- құбырлардың монтаждық сызбанұсқасы (1 көшірме);
- жабдықтың ерекшелігі (1 көшірме).

3. ЖДБ жүйесін қабылдау кезіндегі талаптар:

- учаскеде оқшаулаудың рұқсат етілген ең аз кедергісі
жылу желілері – кемінде 1МОм (мегаом) - ҚР ҚН 4.02-04-2003 4.3.5-т.
- өткізгіш дабыл берудің қума метрінің электр кедергісі - $0,12 \div 0,015$ Ом /м (метрге ом) - ҚР ҚН 4.02-04-2003 4.3.5-т.
- жерүсті коверді күміс бояумен бояу;
- жерүсті коверді жобалық құжаттамаға сәйкес жерлестіріп, жұмыс белгісінің деңгейінен 100 мм биіктікте орнату;
- жерүсті ковердің ішкі кеңістігін жобалық құжаттамаға сәйкес себілген құрғақ құммен жабу;
- ЖДБЖ бақылау нүктелерінде жобалық құжаттамаға сәйкес қажетті құралдарды (терминалдар, детекторлар) орнату;
- терминалдарда жобалық құжаттамаға сәйкес таңбаланған биркаларды орнату;
- монтаждау кезінде жобалау құжаттамасына сәйкес $3 \times 1,5$ мм², $5 \times 1,5$ мм² қимасымен НҮМ маркалы мыс кәбілін қолдану.

ӨБҚЖА бастығы



В. Каверзин